



ЖҮРЕККЕ ЖҮК БОЛҒАН ЖЫРЛАР

3-БЕТ | ПОЭЗИЯ



МАТЕМАТИКАҒА АРНАЛҒАН ӨМІР

4-БЕТ | ЕҢБЕК АДАМЫ



СИЛЬНАЯ СТАТИСТИКА –
СИЛЬНАЯ ЭКОНОМИКА

5-БЕТ | В ФОКУСЕ ГОСУДАРСТВА



ПРАВО И СПРАВЕДЛИВОСТЬ

6-БЕТ | НАШ ГОРОД

№19 6 МАУСЫМ ЖҰМА, 2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2025 ЖЫЛДЫҢ 2 АҚПАНЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Altyn Qala

СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

МАҒЫНАЛЫ ДИАЛОГ

АРДАГЕРЛЕР МЕН БІЛІК АРАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ

АШЫҚ ӘКІМДІК

Степногорск шаһарына жұмыс сапарымен Ақмола облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Нұғыманов келді. Мейманды қала әкімі Гайдар Қасенов қарсы алды. Сапардың негізгі мақсаты – егде жастағы азаматтарды қоғамдық, мәдени және рухани өмірге кеңінен тарту, белсенді әрі мағыналы ғұмыр сүруіне жағдай жасау, қоғамның тірегі болуға мүмкіндік беру.

Бұл маңызды мәселе аясында қала әкімдігі, басқарма басшылары, Достық пен шығармашылық үйінің директоры, қалалық ардагерлер кеңесі мен ақсақалдар алқасының төрағалары қатысқан ашық және мазмұнды пікірталас болды. Егде жастағы азаматтардың белсенді өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыру, оларды қоғамдық жұмыстарға тарту, жас ұрпақпен сабақтастық орнату, отансүйгіштік пен елжандылықты дәріптеу мәселелері кеңінен талқыланды.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Қоғамдағы татулық пен тұрақтылық – аға буынның ақыл-кеңесі мен өмірлік тәжірибесіне сүйенгенде ғана баянды болады» деген сөзі ерекше мәнге ие болды. Ел Президенті әрдайым аға буынның мемлекет дамуындағы ролін жоғары бағалап

келеді. Осы ұстаным аясында Жолдаулар мен мемлекеттік бастамаларды халыққа жан-жақты әрі жүйелі түрде түсіндіру – егде жастағы азаматтардың ел тіршілігіне белсене араласуына, өмірлік тәжірибесін жас ұрпаққа жеткізуіне жол ашады. Ақпараттық саясаттың осы бағыты қоғамдағы ұрпақтар сабақтастығы мен рухани тұтастықты нығайтуға қызмет етеді.

Ермек Нұғыманов аға ұрпақтың даналығы мен өмірлік тәжірибесін жастарға аманаттау, сондай-ақ қоғамдағы сенімді нығайтуда осындай ақпараттық түсіндіру жұмыстарының алдыңғы қатарда болуы қажеттігін айтты.

Қаланың зейнеткерлерге арналған мәдени шаралары, еріктілік қозғалысына қатысу, цифрлық сауаттылықты арттыру курстары – мұның бәрі ардагерлердің қоғамдағы ролін күшей-



Фотосурет: қала әкімінің баспасөз қызметі

туте бағытталған. Сонымен бірге мемлекеттік саясатты және қоғамдық өмірді жан-жақты ақпараттандыру мен түсіндіру мәселелері де күн тәртібінде болды. Ардагерлер бұл бағытта да белсенділік танытуға дайын екенін жеткізді.

Кездесу қорытындысында та-

раптар елдегі тұрақтылық пен рухани тұтастықты сақтау жолында бірлесе жұмыс істеуге, ардагерлердің өмірлік тәжірибесін қоғам игілігіне бағыттауға және белсенді қартаю идеясын кеңінен насихаттауға уағдаласты.

Алмат КАБЕГЕНҰЛЫ



Фотосурет: облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

6 маусым күні Ақмола облысында, еліміздің барлық аймақтарындағыдай, мұсылман жұртшылығының ең қасиетті мерекелерінің бірі – Құрбан айт кең көлемде аталып өтеді. Бұл мейрам мұсылман әлемі үшін иманға беріктік, құрбандық, жанашырлық пен бірліктің символына айналған.

Құрбан айт мерекесінің тарихы пайғамбар Ибраһим (ғ.с.) оқиғасымен тығыз байланысты. Ол Алланың әмірімен ұлын құрбан етуге дайын болғаны үшін Жаратқан оған мал шалуды бұйырған. Осыдан бастап мұсылмандар Алла разылығы үшін құрбан шалып, иманын күшейтуді, мұқтаж жандарға жәрдем беруді дәстүрге айналдырған.

«Шариғат бойынша құрбан шалу – жағдайы бар әрбір мұсылманға міндет. Құрбандыққа қой, ешкі, сиыр немесе түйе шалуға болады. Малдың дені сау, жасы мен талаптарға сай болуы шарт. Ең бастысы – ниет пен шынайылық», деді бас имам Қуаныш Сәбит.

Оның айтуынша, биыл Құрбан айтқа арналған айт намазы 6 маусым күні сағат 06.00-де Көкшетау мен облыстағы барлық мешіттерде оқылады. Намаздан кейін бірден құрбандық шалу рәсімі басталады.

Облыс аумағында санитарлық талаптарға сай арнайы бекітілген мал сою алаңдары мен қасапханалар жұмыс істейтін болады. Сондай-ақ Qurban2025.kz онлайн платформасы арқылы қашықтан құрбандық шалуға тапсырыс беруге мүмкіндік бар.

Құрбан айттың қарсаңында, 5 маусым күні – Арафа күні мұсылмандар ораза ұстап, дұға-тілектермен рухани тазаруға ұмтылады. Бұл күннің маңызын Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Арафа күнгі ораза өткен және келесі жылдың күнәларын кешіреді» деп сипаттаған. Облыстағы мешіттерде осы күннің мән-мағынасын түсіндіретін уағыздар мен түсіндіру шаралары өтеді.

Құрбан айт – тек құлшылық пен құрбандық шалу ғана емес, ол – қайырымдылық, кешірім мен бауырмалдықты насихаттайтын рухани мейрам. Дәстүр бойынша құрбандық еті үшке бөлініп, бірі – өз отбасына, екіншісі – туыстарға, үшіншісі – мұқтаж жандарға таратылады.

Өз тілшімізден

ДАМУ БАҒЫТЫ

ӨНЕРКӘСІПТІК САЯСАТТЫҢ ӨРІСІ КЕҢЕЮДЕ

Жуырда Степногорск қаласында «Степногорск тау-кен химия комбинаты» ЖШС-нің еңбек ұжымымен және қала тұрғындарымен мазмұнды кездесу өтті. Аталмыш жүздесу – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды орын алатын өндірістік саланы жаңғырту, өңірлік инфрақұрылымды жетілдіру, сондай-ақ тұрғындарды алаңдатқан мәселелерге нақты жауап беру мақсатында ұйымдастырылған тиімді диалог алаңы болды.



Фотосурет: қала әкімінің баспасөз қызметі

2-бет

МӘРТЕБЕ!

Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің қасиетті нышаны

Степногорск қаласында Мемлекеттік рәміздер күні салтанатты түрде аталып өтілді.

1992 жылдың 4 маусымы – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ерекше күн. Осы күні еліміздің Туы, Елтаңбасы және Әнұраны ресми түрде қабылданып, мемлекеттік рәміздеріміздің жаңа беті ашылды. Содан бері бұл күн – Мемлекеттік рәміздер күні ретінде ел жадында мәңгі сақталып келеді.

Бұл күні еліміздің түкпір-түкпірінде рәміздерге деген құрмет көрсетілсе, Степногорск қаласында да бұл мереке кең ауқымда атап өтілді. Қалада Мемлекеттік Туды көтерудің салтанатты рәсімі өтті. Шараға қала әкімі Гайдар Қабдоллаұлы, Степногорск қалалық мәслихатының төрағасы Олжас Аманжолұлы және түрлі ұйымдардың өкілдері, студенттер мен қала тұрғындары қатысты.

Салтанатты жиында сөз сөйлегендер Мемлекеттік рәміздердің әрбір азамат үшін маңызын, олардың тек нышан ғана емес, туған жердің аспаны мен күні, өткен мен келешек арасын байланыстыратын киелі символ екенін атап өтті.

– Мемлекеттік Ту – биік рухтың, Елтаңба – ел бірлігінің, Әнұран – ұлттық болмысымыздың көрінісі. Бүгін – халқымыздың тарихын, тәуелсіздігін, ұлттық бірлігін бейнелейтін маңызды күн. Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран – еліміздің егемендігі мен тұтастығын айқындайтын қасиетті белгілер. Бұл рәміздер – ұлттың рухын көтеріп, ел болашағына деген сенімді арттырады, деп қала тұрғындарын қала әкімі айтулы мерекемен құттықтады.

Іс-шара барысында жастар Туға тағзым етіп, рухты концерттік бағдарлама ұсынылды. Жиналғандар көк байрақтың астында бір сәтке тоқтап, мемлекет алдындағы азаматтық парыз бен жауапкершілік туралы ой қозғады.

Мемлекеттік рәміздер – ұлттың айнасы. Әрбір қазақстандық үшін бұл белгілер тек заңмен бекітілген рәміздер ғана емес, жүрек түбінде сақталған елдік пен еркіндіктің бейнесі. Олар бізге тарихты еске салып қана қоймай, болашаққа батыл қадам басуға шабыт береді.

Көк туымыз мәңгі биікте желбірей берсін!



ДАМУ БАҒЫТЫ

ӨНЕРКӘСІПТІК САЯСАТТЫҢ ӨРІСІ КЕҢЕЮДЕ

(Басы 1-бетте)

Мемлекеттік органдар өкілдерінің айтуынша, мұндай кездесулер жаңа индустриялық саясатты ақпараттық тұрғыдан қолдап отыру, өндірісті әртараптандыру және жергіліктендіру деңгейін арттыру, сонымен қатар халық пен билік арасындағы ашық және жүйелі байланысты қамтамасыз ету үшін маңызды. Осындай ашық диалог – елде жүзеге асып жатқан реформалардың өңірлік деңгейде нақты іске асуына жол ашатын пәрменді құрал.

Комбинат өкілдерінің мәлімдеуінше, Степногорск тау-кен химия комбинаты – қазіргі таңда Қазақстанның уран өндіру саласындағы көшбасшы кәсіпорындарының бірі. Зауытта соңғы жылдары технологиялық процестерді автоматтандыру, қуат көздерін оңтайландыру, өндіріс көлемін ұлғайту және экологиялық талаптарды сақтау бағытында бірқатар жүйелі жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Салалық әріптестердің айтуынша, 2023 жылы кәсіпорын

құрылымына «Росатом» мемлекеттік корпорациясына қарасты басқарушы компаниялардың қосылуы халықаралық тәжірибе мен заманауи технологияларды енгізуге, сондай-ақ шетелдік инвестициялар тартуға жол ашқан.

Ресми деректерге сәйкес, 2024 жылы кәсіпорын 1 650 тонна уран өнімін өндірген. Қазіргі жобалық қуаты – 4 000 тонна, ал алдағы кезеңде бұл көрсеткішті 6 000 тоннаға дейін ұлғайту көзделіп отыр. Мұндай серпінді даму – еліміздің өңдеуші өнеркәсіпті өрістету және өндірістік қауіпсіздікті күшейтуге бағытталған стратегиялық ұстанымының нақты көрінісі.

Комбинат оңтүстік өңірдегі ірі уран кен орнын игеру бағытындағы бірлескен жобаға да белсене қатысуда. Аталған бастама өндірістік әлеуетті кеңейтіп қана қоймай, жергілікті халықты жұмыспен қамту, салық түсімін арттыру және ішкі нарықтағы отандық үлесті ұлғайту сияқты бірқатар маңызды әлеуметтік-экономикалық міндеттердің орындалуына ықпал етеді.

Осындай ауқымды жобалар – жаңғыртылған өнеркәсіптік саясаттың нақты жемісі. Оның негізгі мақсаты – өндірісті терең өңдеуге бағыттап, өнімділігі жоғары кәсіпорындарды қолдау арқылы ел экономикасын әртараптандыру.

Кездесу барысында тұрғындар тарапынан ұсыныстар мен ескертпелер айтылып, олардың барлығы тіркеуге алынып, тиісті құрылымдарға жолданды. Қала әкімдігінің мәліметінше, көтерілген сұрақтар мен жауаптар, сондай-ақ хаттамалық тапсырмалардың орындалу барысы әкімдіктің ресми сайтында келесі бөлімде жарияланады: «Салалық құжаттар» «Тұрғындарға» «Тұрақты кездесулерде берілген хаттамалық тапсырмалардың орындалуы».

Азаматтардың пікірін ескеру және кері байланыс орнату – мемлекеттік органдар қызметінің маңызды құрамдас бөлігі. Тұрғындардың сенімін арттырып, әкімдік пен кәсіпорындар арасындағы байланысқа серпін беретін мұндай тәжірибе – тиімді басқарудың үлгісі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақмола облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы жыл сайынғы «Еңбек жолы» конкурсына қатысуға өтінімдерді қабылдауды жалғастыруда.

«Еңбек жолы» конкурсын өткізу туралы

Өтінімдерді қабылдау келесі номинациялар бойынша 2025 жылғы 1 шілдеге дейін жалғасады:

1) Үздік еңбек әулеті – бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.

Еңбек әулеті – бір отбасының жақын туыстарының екі және одан да көп ұрпағы болып табылатын (ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және осы кәсіпорында жиынтық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл болатын бір ұйымның жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінен бұрын бастаған еңбек әулетінің өкілі әулеттің басшысы болып табылады.

Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауға тиіс;

2) Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері – бұл номинацияда кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалады.

3) Өндірістің үздік жас маманы – бұл номинацияда жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбекқор өндіріс жұмыскері таңдалады;

Бүгінгі таңда Степногорск қаласынан конкурсқа келесі үміткерлер қатысады:

«Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» номинациясы бойынша:

1) Оптовец Наталья Владимировна - «Степногорск Теплотранзит» ЖШС инженер-химигі;

2) Иванец Виктор Викторович - «Степногорск Энерготранзит» ЖШС 5-разрядты кабель желілерін жөндеу және монтаждау жөніндегі электромонтер;

3) Ксюк Елена Владимировна - «Степногорск Теплотранзит» ЖШС жедел-диспетчерлік қызметінің диспетчері;

4) Досов Серик Насырович - «Қазақалтын» ЖШС «Бестөбе кеніші» филиалының бас маркшейдері;

5) Шарапиденов Таубай Төлеубаевич - «Қазақалтын» ЖШС «Бестөбе кеніші» филиалының «Западная» шахтасының бекітушісі;

6) Шершнев Виталий Михайлович - «Степ-

ногорск тау-кен-химия комбинаты» ЖШС 7-разрядты сирек жер элементтерін бөлу жөніндегі аппаратшы-гидрометаллург;

7) Касенова Каракас Токенқызы - «Степногорск подшипник зауыты» АҚ 5-разрядты абразивті шеңберлерді құрғақ тәсілмен қайраумен айналысатын қайраушы.

«Өндірістің үздік жас қызметкері» номинациясы бойынша:

1) Ахметов Айдын Кажитаевич - «Қазақалтын» ЖШС «Бестөбе кеніші» филиалының тау-кен шебері;

2) Раицкая Полина Алексеевна - «Степногорск тау-кен-химия комбинаты» ЖШС КИПиА ЦЛ приборист, техник метролог;

3) Плотников Михаил Васильевич - «Степногорск подшипник зауыты» АҚ 6-разрядты Автоматты желілер мен агрегаттық станоктарды баптаушы.

«Үздік еңбек әулеті» номинациясы бойынша:

1) Беккер Юлия Юрьевна - «Қазақалтын» ЖШС «Бестөбе кеніші» филиалының техникалық бақылау бөлімінің бастығы;

2) Аубакиров Ануар Муратович - «Қазақалтын» ЖШС «Бестөбе кеніші» филиалының геологигі;

3) Айтбаев Халелитдин Камалабинович - «Степногорск тау-кен-химия комбинаты» ЖШС 6-разрядты дозиметрист.

Барлық қатысушыларға алдағы жеңістер мен жетістіктер тілейміз! Сіздің еңбеңіз әрқашан сұранысқа ие болсын!

«Еңбек Жолы» конкурсын өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес ресімделген үміткерлерден материалдарды Степногорск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне, Степногорск қаласы, 4 шағын аудан, 1 ғимарат, 28 кабинет мекенжайы бойынша қолма-қол ұсыну қажет.

Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (71645) 5-97-17.

Еңбек әулеттерінің өкілдерін де, жас қызметкерлер мен олардың тәлімгерлерін де байқауға белсенді қатысуға шақырамыз!

«Степногорск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

МАМАН ТҮСІНДІРМЕСІ

ОНЛАЙН БЮДЖЕТТІК МОНИТОРИНГ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Ақмола облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті «Онлайн бюджеттік мониторинг» модулі арқылы жалақы төлеудің жүргізілген мониторингінің нәтижелері.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Стратегиялық жоспары шеңберінде Ақмола облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (Одан әрі - «Департамент») бұзушылықтарды уақтылы анықтау және жолын кесу, Ақмола облысының мемлекеттік органдары мен квазимемлекеттік сектор объектілерінің бюджет қаражатын толық және уақтылы игеруге бағытталған ішкі процестердің тиімділігін арттыру бойынша белгілі бір жұмыс жүргізуде.

Барлық аудиторлық тексерулер тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген және бұзушылықтарды ғана емес, олардың пайда болу себептерін де анықтауға және уақтылы жоюға бағытталған.

Жедел ден қою шараларын қабылдау және бюджет қаражатының тиімсіз және негізсіз пайдаланылуын болғызбау мақсатында қазынашылық органдары әзірлеген тәуекелдер бейіндерінің негізінде алынған тәуекелдік төлемдер мен шарттар талданады.

Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласындағы жалақыны төлеуге бағытталған бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылауды күшейту мақсатында Ішкі мемлекет-

тік аудит комитеті (бұдан әрі - Комитет) «Онлайн бюджеттік мониторинг» Модулінің (бұдан әрі - ОБМ) функционалын кеңейтті.

Департамент 2025 жылғы 1 қаңтардан 21 мамырға дейінгі кезеңде жалақыны өтеу арқылы төлеуге мониторинг жүргізді және жалпы сомасы 1 млрд 554 млн теңгеге 4 344 тәуекел төлемдері (1 177 жеке тұлға) бойынша барлығы 227-ден қою хаттары (хабарламалар) жолданды, оның ішінде:

- білім беру саласында-жалпы сомасы 1 млрд 443 млн теңгеге 4 040-ші тәуекел төлемдері (1 043 жеке тұлға) бойынша 175 хабарлама;
- дене шынықтыру және спорт саласында-жалпы сомасы 75 млн 335 мың теңгеге 223 тәуекел төлемі бойынша 26 хабарлама (75 жеке тұлға);
- мәдениет саласында-жалпы сомасы 15 млн 021 мың теңгеге 35 тәуекел төлемі бойынша 19 хабарлама (29 жеке тұлға).

«Карт-шот бойынша жеке тұлға деректерінің сәйкес келмеуі» бейіні бойынша 34 тәуекел төлемінің ішінде тәуекелдің ең көп бөлігі Шортанды ауданының мәдениет объектілеріне тиесілі екенін атап кеткені жөн.

Сондай-ақ денсаулық сақтау саласында-жалпы сомасы 20 млн 685 мың теңгеге 46 тәуекелді төлем (30 жеке тұлға) бойынша 7 хабарлама жолданған.

Ақмола облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті

ШАБЫТ

ЖҮРЕККЕ ЖҮК БОЛҒАН ЖЫРЛАР

Кей сезім сөзге сыймайды, ал кей мұң өлеңге айналып, жүрек тереңінен сыр шертеді. Ақын Еламан Аманұлының төмендегі жыр топтамасы — махаббат пен мұң, сағыныш пен сағым, анаға деген перзенттік ықылас, жастықтың тәтті уайымы, жалғыздықтың сары сазы секілді адам жанын тербейтін мәңгілік тақырыптарды жырмен өрнектеген жан сыры. Бұл — жүректен шыққан, жүрекке жетер жырлар. Еламан Аманұлы Степногорск қаласы әкімдігінің Мәдениет бөліміне қарасты Тілдерді оқыту орталығында қызмет етеді. Сәттілік тілейміз!

ЕРКЕЛЕ МАҒАН БОЙДАҚ ЖҮРГЕНДЕ

Өмір қызық қой ойлап білгенге,
Не жетер шіркін, ойнап күлгенге!
Бақытты сәтті бөліске салып,
Еркеле маған бойдақ жүргенде.

Таусылып іштей түнек тілеме,
Бос үміт артып жүдепті деме.
Кірпіктеріңмен қытықтап алып,
Жабырқатасың жүректі неге?

Әлемнің бәрін бояп қараға,
Күнә деп қойсақ, ой ақтала ма?
Көзқарасыңмен аймалап алып,
Көңілің содан тоят таба ма?

Сиқырлы сөз бен арбашы мені,
Қылығыңменен алдашы мені.
Қысылып,қашып, ұяла бермей,
Ұяң бір күйге салмашы мені.

Өзімді өзім алам да қашам,
Шығыңа батып, санамда адасам.
Бұрымыңменен жауып дененді,
Бұрылып төмен маған қарасан.

Толықсып толқып тым сақ жүрегім,
Тілімде балқып жұмсақ гүл ерін.
Нәп-нәзік белің, нып-нығыз бөксең,
Жұп-жұмыр иық, шынтақ, білегің.

Көзіме шоқ боп басылды, күйді,
Аңсарым ауып, қашырды ұйқы.
Балапан кеудең, алқынған сайын ,
Талпынып алға басын шұлғиды.

Хәліммен мынау түсінбеген сен,
Құпияң болып ішінде өлсем.
Жанарыңа әкеп жасырған ойды,
Құшақтап жатып түсімде көрсем.

Не жетер бірге ойнап-күлгенге,
Еркеле маған бойдақ жүргенде...

АЛҒАШҚЫ ҚАР

Күнәдан пәк періштелер сыңайлы,
Алғашқы қар маған қатты ұнайды.
Қалғып түсіп, тағдырына нала боп,
Аппақ арман жерге құлап жылайды.

Жатқандайын күнәһар күз ақталып,
Қала, үйлер, саябақтар ақ мамық.
Мендік адал сезімдердей бұл қар да,
Табандарға қалар сосын тапталып.

Пендешілік пейілінен арылып,
Көрген бар ма жанымызды ал ұғып?
Бүгін бәрі терезеге телмірер,
Ертең тағы қалар сенен жалығып.

Оралды ойым сені көріп өткенге,
Еріп жаның күн шуағын төккенге.
Мендік жұмыр жүрек дерті сол мезгіл,
Сендік ғұмыр шешілетін көктемде.

Солай келер бақ пен сорың алмасып,
Ал мендік мұң сол көктемге қылды асық.
Күрең күзге сағынышымды аудырған,
Сары бақты, жапырақты қал басып.

Сен болдың ба сағындырып жеткенім?!
Кірпігіме жыламашы кеп менің.
Және тағы гүл сатушы апайға,
Былытғыдай қарыз болсын деп пе едің?

Бәрін–бәрін ақ көрпеңе ал жауып.
Бір ауырлық еңсеме кеп қалды ауып.
Мені мұнда терең ойға батырған,
Сен жақта да жатыр ма екен қар жауып?!

Б-ға

Жүрекке орнатып бір мезгіл,
Ең суық, және де ең ыстық –
Сезімдер бола алған күзге гүл,
Біздерге тар, бірақ кең – кеңістік.

Бұлақтар сезімтал сылдырау,
Жанымнан жыр болып бөлініп...
Өзіңсіз өмірім – бұлдырау,
Барлығы баянсыз көрініп.

Пенделер, періште қайыңдар,
Күн кешер бір уақыт бойымен.
Сен күткен мазасыз уайымдар,
Алысып жүрегі ойымен.

Кететін жанарлар қоштасып,
Қан жұтып, қимастық қаңғытып...
Біздегі сезімді қозғасып,
Қара жол қалатын шаң жұтып.

Кездескен бір жүрген көктеммен,
Сағымдар сүйреген сағыныш...
Ойыма оралып өткенмен,
Күн кешу жүрекке тағы – күш...

Өңімде өлеңмен алданам,
Жұтынып бұлттардың көбігін.
Арада ештеңе қалмаған,
Қалғаны – тек жалғыз көңілім...

Анашым Ләззәт Құсниқызының аруағына

Сағындым ана, сабырым қалды сарқылып,
Барлығы өгей, өзіңсіз жүрмін тартынып.
Жаһанды кезіп таппасым анық шарқ ұрып,
Жалғыздығыңа құдайды іштей жар қылып.

–Өмірді мынау көрімнен суық сезіндім,
Бір ауыз жылы сөзіңе қойған зар қылып.
Сағындым ана өзің бар кездің барлығын,
Өткен шақтарды, тағдырдың тартқан тарлығын.

Адал еңбек пен асын жегіздің арлының,
Жаның жомарт еді күнін кешсең де жарлының.
Қара басыңның қадіріне жетпей тірінде,
Бара тасыңды құшақтап қалған зарлымын.

Сағындым ана ренжігеніңді бұртиып,
Қуанғаныңды, жүзіңе жылы нұр құйып.
Қара шығыңа қамалған сайын сыр түйіп,
Намазын қимай қалғитын көзі кіртііп.

Бейненді сол бір сәжде үстіндегі сағындым,
Жұмбақ күйдегі ойларға шөккен, бір тұйық.
Көңіліндей сенің көк аспан бүгін жайдары–ақ,
Сағындым ана дұғамды іштей қайталап,

Басыңа барсам көңілім жиі жай табады.
Қолымды жайсам көзімнен жасым тайғанап,
Алланың мейірім, шапағатына бөленгей!
Қара жер саған көрсетпесе екен қайғы азап!



СЕНІ КӨРГЕН КЕЗІМДЕ

Сені көрген кезімде
Бойды билеп бір ағыс
Қалып кетті көзімде
Әсем бейнең жұбаныш.

Іңкәр үнің ізгі бір
Жүрегіме нұр құйып
Сағындырып сізді жүр
Ойлар мені бір биік.

Жан дүнием ақталды
Шаттық шашқан күлкінде
Тіршіліктен жаттанды
Ойым азат бұл күнде.

Бақыт күтті бір алдан,
Күйге бөлеп әдемі,
Жалғыздықтан құралған,
Жанарымның әлемі.



Еламан АМАНҰЛЫ

АЛА ҚАНАТ САУЫСҚАН

Ала қанат сауысқан, ала қанат,
Шолақ тұмсық, ақ бауыр, қара балақ.
Екі қарап жемтігін бір шоқитын,
Саған ғана қалғандай бар аманат.

Туған жерден, өзіңнен шалғайдамын,
Шалғай тартты шаттанып шалқайғаным.
Қақпан құрып, тас аттым бекер саған,
Туған жердің қызғанып бал қаймағын.

Қара ағаштың ұя сап төбесіне,
Қалғып өксік алдың ба өңешіңе?
Анамның сүзбе, ірімшік, құртғын жайған,
Қонақтап жүрсіндер ме өресіне?!

Төрінен тарқатпаған Алла сыйын,
Қаңырап жатыр ма екен қараша үйім?
Таздың үйін жағалап қала кезген,
Сотқар ұлдың мінезі – ала құйын.

Тағысы едім мен де бір қыр алаптың,
Қоңыз күнім соңында құмалақтың.
Сыртың ала болғанға арам құс деп,
Бекер сонда сендерді кінәлаппын.

Адал құссың асқа да, астауға да,
Кетпейсің – қыспақ қысса, бас сауғалап.
Іші ала адамзаттың, айласы асқан,
Азық үшін ар деген – шашпау ғана.

Шыр көбелек айналып, шықылдасып,
Бір қонатын, ұпса да бытырасып.
Саған атқан бытыра оқтарымдай,
Берекемнің кеткені-ай, құты қашып...

Есіме бұл күн бәрін жиі аламын,
Зиялым, мен өзіңнен ұяламын.
Апамның білегіндей әжім талда,
Атамның тымағындай ұяларың.

Шабыты боп оралдың шанағымның,
Еркіндігін аңсадым бала күннің.
Қаңғыбас бұл ойларым жылап қалды,
Таудан биік алдында талабымның.

– Ала қанат сауысқан, ала қанат,
Жатқаны–ай, жүрегім де жара қанап.
Өлексе – құным болмай өскен жерге,
Саған ғана қалды ғой бар аманат!

НЕГЕ, НЕГЕ?

Жалғыз қалып қоямын осындайда,
Жанымды ұғар сүйгенім досым қайда.
Ешбір адам білмейтін жаққа кетсем,
–Шіркін, шіркін,
Оралмай-ақ қойсам ғой сосын қайта.

Сосын бәлкім түсіңе енер ме едім,
Бұрынғыдай таңданып, елер ме едің?
Майдан қылған түкпірін жүрегімнің,
Ойландырар тек сені өлеңдерім.

Өлеңіммен оралар көктем, құстар,
Сол көктемге сендік мұң көптен құштар.
Ауыр ойдың астында қалған бақтар,
Ауылыңның маңынан өткен тұстар.

Жүрегімнің соғысын ұнтаспа ғып,
Түн батқанда жатамын мұң жастанып.
Жанарымнан дәл сендей жанымды ұғып,
Жанарымнан көріпті кім жасқанып?

Жалғыздығым жанымды елеп менің,
Көрдік уақыт барлығын кері еткенін.
Сен кеткелі – бәріне керексізбін...
Сен бар кезде – біреуге керек пе едім?..

ҮМІТ

Келмеске кетті қанша қараң күнім?
Көтеріп қарын қамын, қалам жүгін.
Болмаған маған жұғым,
Қара жұмыс қажаған қажырымды.

–Астана, тағы келдім саған бүгін,
Келмеспін деп, кеткен ем ендігі әрі.
Сенбеді жалғыз жүрек, сенді бәрі!
Көшесінде көмілген көрсоқырлық.

Тапталған теңдік, ары!
Тар жолдар, биік үйлер, қымбат көлік.
Адамдық мейірімді тым жат көріп ,
Арзан бағы сор болған соқыр көздің.

Жасынан жұбанамын жұмбақ көріп.
Бәрін іштей жүрсем де сезіп, біліп,
Кете алмадым келмеске безіп тұрып!
Қаласына іліккен бір адамды,
Қаламын ба деп кездейсоқ кезіктіріп...

МАТЕМАТИКАҒА АРНАЛҒАН ӨМІР

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Қазақ білімінің қара шаңырағында 40 жылдан астам еңбек етіп, талай шәкірттің жүрегіне білім нәрін сепкен, Ыбырай Алтынсарин төсбелгісінің иегері, математика пәнінің мұғалімі Мұқажанова Ләззат Өндірісқызымен болған сұхбат оның өмірі мен ұстаздық жолының жарқын сәттерін ашып берді. Ол тек мұғалім ғана емес, сонымен қатар 1995-2004 жылдар аралығында мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 2004-2014 жылдары ҚР «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК-ның Степногорск қаласындағы №17 филиалының жетекшісі, ал 2014-2021 жылдар аралығында С.Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп-лицей басшысы қызметтерін атқарған еңбек ардагері.

– *Туған жер, өскен орта, отбасыңыз ...*

– Осы өңірде туып-өстім деуге болады. Ақсу руднигінде жұмысшылар отбасында дүниеге келдім, әкем Өндіріс сол кезде Ақсу халық драма-театрының белсенді мүшелерінің бірі болған екен, домбыра тартып, ән айтуды ұнататын. Алпысыншы жылдары Ақсу руднигіне гастрольмен келген әртістердің ішінде қазақтың күміс көмей әншісі Ләззат Сүйіндікова болған екен, әкем сол кісіге ұқсасын деген ниетпен атымды «Ләззат» деп қойған көрінеді.

– *Білім саласында ұстаздық ету жолыңда дауыңызға не себеп?*

– Негізінен математика пәніне деген сүйіспеншілігім мені мұғалімдік жолға алып келді деуге болады. Ал математикаға деген қызығушылығымды оятқан 5-6 сыныптарда математикадан сабақ берген Манапов Боди ағай. Ол мұғалімнің сабақ беру әдісі маған қатты ұнайтын, сабақтан үлкен әсер алатынмын. Сол себептен мектеп бітірген соң сынып жетекшім Армагия Ералиқызының кеңесімен Қарағанды мемлекеттік университетінің математика факультетіне оқуға түстім.

– *Жақсы ұстаз болу үшін қандай қасиет маңызды?*

– Жақсы ұстаз болу – өз мандығыңды жақсы көруден басталады деп ойлаймын. Ұстаз мамандығы қиын, әрі жауапты мамандықтардың бірі болып саналады. Бірақ мен әрқашан жас ұстаздарға, оқушыларыма «Өз мамандығыңды жақсы көрсен, ұстаз болудың еш қиындығы жоқ» деп айтатынмын, шынында да солай.

– *«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дейді. Ізіңізді жалғап, ұстаздыққа бет бұрған шәкірттеріңіз бар ма?*

– Иә, әрине. Көп оқушыларым математика бойынша терең білім алып, соның арқасында өздерінің қалаған оқуларына түскендерін, математикадан алған білімдерінің жоғарғы оқу орындарында оқып жүрген кезде үлкен көмек болғанын айтып, ризашылықтарын білдіріп жатады. Түлектердің бірі Дильназ Жангазинова Мәскеу университетінің Астана қаласындағы филиалының математика факультетіне ақысыз оқуға түсуі – мен үшін үлкен қуаныш болды. Ал екі түлегім Кенесова Айнара Еуразия университетінің «математика мұғалімдерін дайындау» факультетіне, Төлеген Гүлжанат Қарағанды мемлекеттік университетінің математика факультетіне түсті. «Математика мұғаліміне Қарағандыға оқуға түстім. Сізге мың

алғыс, бұл сіздің арқаңыз. Алла жазса, сіз сияқты мықты мұғалім болуды бұйырсын» деп, Гүлжанаттың маған жіберген ризашылығы мені зор қуанышқа бөледі. Ұстаз үшін осыдан артқан бақыт бар ма?!

– *Ұзақ жылғы еңбек жолында сіз үшін ең қызықты немесе шабыттандыратын сәттерді еске түсіріп көресіз бе?*

– Менің педагогикалық еңбек жолым – Степногорск қаласында алғашқы мемлекеттік тілде оқытатын сыныптардың ашылуымен, сол сыныптардың негізінде ашылған қаламыздағы алғашқы қазақ мектебінің ашылуымен, сол мектептің өркендеуімен тұспа-тұс келді. С.Сейфуллин атындағы №5 орта мектеп 1995 жылы ашылып, 2008 жылы көпсалалы мектеп-лицей статусына ие болды. Бұл жеңіс – сол кезде мектепте еңбек еткен алғашқы мұғалімдердің ерен еңбегінің нәтижесі деп білемін. Біз мектебіміздің намысы үшін аянбай еңбек еттік. Осы мектептің өркендеуі жолында қызмет еткенім – мен үшін үлкен қуаныш, зор мәртебе.

– *Оқушыларыңыздың бойында қандай қасиеттерді дамытуды маңызды деп санайсыз?*

– Оқушылардың бойына

жауапкершілік, білімге деген ұмтылыс, еңбекқорлық қасиеттерін сіңіре отыра, алдына мақсат қоя білу және сол мақсатқа жету жолында аянбай еңбек етуге баулу – мұғалімнің негізгі мақсаты. Сонымен қатар оқушыларымыздың бойында адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуге де үлкен назар аударамыз.

– *Ұстаздық қызметіңізде сізді ең көп қуантқан оқушыларыңыздың жетістіктері қандай болды?*

– Ұстаздық өмірімде оқушыларымның жетістіктеріне қуанған сәттер, әрине, аз емес қой. Бірақ солардың ішінде 2004 жылы бірінші сыныптан бастап бастауыш сыныпта оқытқан, әрі қарай математика пәнінен сабақ берген оқушыларымның алғашқы болып тапсырған ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындысы бойынша қала бойынша бірінші орын алып, ал республика бойынша «Ең үздік 10 мектеп» құрамына енулері – мен үшін ерекше жеңіс, ерекше қуаныш болды деп айтар едім.

– *Қазіргі жас ұрпаққа қандай кеңестер берер едіңіз? Олардың қандай мүмкіндіктері мен қиындықтарын байқайсыз?*

– Қазіргі заманауи кезеңде жастар үшін мүмкіндіктер



өте көп. Тек қана соны дұрыс қолданып, алға мақсат қоя білу керек деп ойлаймын.

– *Ұстаздық жолыңыз сіздің дүниетанымыңыз бен құндылықтарыңызға қалай әсер етті?*

– Ұстаз болғанымда ешқашан, бір сәт те өкінген емеспін, өйткені мен өз мамандығымды шын сүйдім. Өз өмірімде Шәкәрім Құдайбердіұлының мына өлең жолдарын өмірлік ұстанымым еттім:

«Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл.
Талаптан да білім мен өнер
үйрен,
Білімсіз, өнерсіз болады
ақыл тұл.
Қайтадан қайрылып
Қауымға келмейсің,
Барыңды, нәріңді
Тірлікте бергейсің.

Фибрат алар артыңда із қалдырсаң –
Шын бақыт,
Осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің!»
Мамандығым деген сүйіспеншілігім, адалдығым, еңбекқорлығым мені бақытқа жеткізді.

– *Мектепті аяқтап, үлкен өмірге қадам басқалы тұрған түлектерге қандай тілегіңіз бар?*

– Қай мамандықты таңдаса да, әрқайсысының өмірде өз жолдарын дұрыс таңдап, алдарына қойған мақсаттарына жетіп, арман-тілектерінің орындалуын тілеймін.

– *Әңгімеңізге рақмет, фибрат алатын сұхбат болды деп ойлаймын! Абырой биігінен түспеңіз!*

Сұхбаттасқан
Гүлназ БИСЕН

ҚАУІПСІЗДІК АЛАҢЫ

БАЛАҢЫЗДЫҢ АМАНДЫҒЫ ҮШІН НЕ БІЛУ КЕРЕК?

№ 1 мектепте Бестөбе кентінің қызметкерлері оқушылардың ата-аналары мен мектеп әкімшілігі қатысуымен бірлескен профилактикалық іс-шаралар өткізді. Бұл шараның мақсаты – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат беру, сондай-ақ ата-аналар мен педагогтерді заманауи қауіп-қатерлерден хабардар ету болды. Кездесулер барысында қоғамдағы өзекті мәселелер кеңінен талқыланып, қатысушыларға нақты кеңестер мен ұсынымдар берілді. Осындай ынтымақтастық арқылы мектеп пен тұрғындар қауымы балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған маңызды шараларды бірлесе жүзеге асыруға мүмкіндік алды.

Атап айтқанда, су айдындарындағы балалардың қауіпсіздігі мәселесі ерекше назарға алынды. Кездесуге қатысушылар судағы қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын атап өтті. Олар өздерінің суға жақындағанда және су айдындарында болғанда ересектердің бақылауында болуы қажеттігін түсінгендерін айтты. Сонымен қатар балалар судағы төтенше жағдайлар кезінде дұрыс әрекет ету жолдарын үйрену керектігін ерекше атап өтті.

Интернет алаяқтыққа қатысты ақпарат тыңдаушылар арасында үлкен қызығушылық тудырды. Балалар желідегі қауіптер туралы

білу маңызды екенін жеткізіп, алаяқтықтан сақтану үшін ұсынылған кеңестер мен сақтық шараларын қолдануға дайын екендерін айтты. Ата-аналар да балаларымен бірге бұл тақырыпты талқылаудың қажеттігін, желідегі қауіпсіздік туралы үнемі әңгімелесіп отыру керектігін жеткізді.

Балалардың жарақаттануы мәселесіне байланысты пікірлерде, әсіресе ойын-сауық және үй жағдайындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінді. Қатысушылар қауіпсіздік ережелерін сақтамаудың түрлі жарақаттарға әкелетінін айтып, болашақта мұндай оқиғалардың алдын алу үшін мек-



теп пен отбасының бірлесіп жұмыс істеуінің маңызды екенін атап өтті.

Ата-аналар мен балалардың әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі туралы түсіндірмелер үлкен әсер қалдырды. Қатысушылар құқық бұзушылықтың салдарын түсініп, өздерінің жауапкершілігін сезінетіндерін жеткізді. Заң талаптарын білу олардың құқықтық сауаттылығын арттырып, дұрыс әрекет етуге мүмкіндік беретіні туралы пікірлер айтылды.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі тақырыбы да өте өзекті болды. Кездесуге қатысқандар мотокөлікті басқару қағидаларын және жолда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажеттігін

түсінгендерін білдірді. Олар жолда абай болудың қаншалықты маңызды екенін атап өтіп, өздерінің және өзгелердің қауіпсіздігін сақтау үшін жауапкершілік алу керектігін түсінді.

Осы іс-шаралар оқушылар мен олардың ата-аналарының қауіпсіздік мәдениетін арттыруға, құқықтық және әлеуметтік сауаттылығын жоғарылатуға бағытталған маңызды профилактикалық шара екені туралы қатысушылардың пікірі бірдей болды. Олар осындай кездесулердің әрі қарай да ұйымдастырылуы қажет екенін атап өтті.

Жанар Ахметова

СИЛЬНАЯ СТАТИСТИКА – СИЛЬНАЯ ЭКОНОМИКА

РЕАЛИЗАЦИЯ ИНИЦИАТИВ ПРЕЗИДЕНТА

Развитие сельского хозяйства – не только про урожай и животноводство, а вопрос экономической стабильности, продовольственной безопасности и национального суверенитета. Аграрный сектор находится в центре внимания Президента и Правительства, поскольку играет ключевую роль в формировании экспортного потенциала, создании рабочих мест и устойчивом развитии регионов. Развитие отрасли невозможно без точных и актуальных данных – как невозможно возвести прочный дом без надёжного фундамента.

Национальная сельскохозяйственная перепись призвана дать полную и достоверную картину современного аграрного ландшафта страны. В ней принимают участие не только крупные хозяйства и фермеры, но и частные домохозяйства, ведущие личное подсобное хозяйство. Особенностью переписи станет масштабность, цифровизация и единый этап проведения, что позволит получить свежие и максимально точные данные – впервые с 2006–2007 годов, когда проводилась последняя комплексная кампания.

